

ӘӨЖ 82-1(574.1)

ҒТАХР 17. 82. 10

DOI 10.37238/1680-0761.2021.81(1).27

¹Мамыров А.И., ²Шортанбаев Ш.¹Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан**E-mail:** mamurov.69@mail.ru, shokhan69@mail.ru**ЖҰБАН МОЛДАҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС**

Аңдатпа. Мақалада ақын Жұбан Молдағалиевтің артында қалған мол рухани мұрасының бір бөлігі ұлттық болмыс пен дүниетанымды аңғартатын өлеңдері іріктеліп алынып, автордың айтпақ идеясын жеткізудегі сөз қолданыстары, пайымдары талданады. Өлең шумақтарындағы жекелеген сөздердің ұлттық кодымызды, қазақы болмысымызды танытудағы поэтикалық күші неде деген сұрақтарға мақалада жан-жақты ғылыми негізде жауап берілді. Сондай-ақ зерттеу мақалада өмірден түйгенін өлеңге сыр қып айтқан ақынның бүкіл бір ұлттың ықылым заманнан бері қалыптасқан «объективный мир» шынайы дүниесін оқырманна қалай жеткізе білгендігі автордың «Қазақ», «Менің халқым», «Қазақстан көктемі», «Ғажапсың, Қазақстаным», «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Қазақстан», «Қазақшадан аударылған», «Қазақ тілі», «Білем, білем бір қазақты», «Біз, қазақтар қызықпыз», «Мен – қазақпын» тағы да басқа өлең, поэмаларынан алынған шумақтар арқылы нақты деректермен көрсетіледі. Және Жұбан Молдағалиев өлеңдеріндегі идеялық-таным мен көркемдік - эстетикалық ізденістер қазақ поэзиясын ұлттық колоритпен байыта түсетіндігі ашып көрсетілді.

Кілт сөздер: Әдеби мұра; еркін рух; ғасырлар белесі; дүниетаным; дәстүр; литмотив; ұлттық характер; градация; интерпретация; ұлттық идеология.

Кіріспе

Жұбан Молдағалиев қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ірі ақын. Ақынның әдеби мұрасы бүгінгі таңда бес томдықты құрап отыр. Жұбанның өмірі мен шығармашылығы белгілі бір дәрежеде зерттелді. Қорғалған жұмыстар, жарық көрген монографиялар да бар. «Қазақ әдебиеті тарихы» он томдығының тоғызыншы томында «Жұбан Молдағалиев 1920 жылы қазіргі Орал облысының Тайпақ ауданына қарасты Жыланды деген жерде туған. Әкесінен жасқа толмай тұрған кезде айырылған бала кейін шешесімен екеуі туған жерден басқа жаққа қоныс аударады. Ақынның өз айтуына қарағанда, ...жетінші класты бітіргеннен кейін Оралдағы ауыл шаруашылық техникумында оқиды. Бірінші өлеңі «Орал» газетінде 1939 жылы басылады.

...1942 жылдан бастап, «Отан үшін» деген майдан газетінде тілші болып істейді. Соғыстан кейін «Лениншіл жас» газетінде бөлім меңгерушісі, «Қазақ әдебиеті» газетінде редактордың орынбасары, «Жұлдыз» журналында редактор, 1979-1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы болып істейді...» деп Жұбан Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығы жан-жақты ашып көрсетіледі [1, б. 399].

Жұбанның азаматтық тұлғасы, ақындық әлемі өзіміздің Батыс Қазақстан облысында, оның ішінде ақынның есімі берілген облыстық әмбебап кітапханада кеңінен насихатталып келеді. Ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты библиографиялық көрсеткіштің дайындалуы, тұлғасы толық сомдалған жаңа ескерткішінің бой көтеруі құптарлық, қуанарлық істер. Ойланатын тұстарымызда бар. Ол Жұбанның ақындық қырын таныту мәселесі. Көбіне естелік айтудан ары асалмай жатамыз. Жұбан қазақ поэзиясына не алып



келді? Өзіндік стилі неден көрінеді? Жұбан өмір сүрген дәуір, орта ақын шығармашылығында қалай көрінді? Міне осы айтылғандарды тани алсақ Жұбанға жақындай түсеміз.

Жұбан поэзияда барынша ұлттық болмысты көрсетуге талпынған ақын. Біз осы кезге дейін Жұбантануда ақынның ұлтын сүйген жүрегінің үнін толық қанды тани алмай келеміз. Жұбан жұртын жырлаған деп жалпылама желдіртіп өте шығамыз. Аздап өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін көрсетіп, тілі бай деуді де ұмыт қалдырмаймыз. Бұл шығармашылық талдауда кешегі күннің қалған салқыны. Ақынның сөзінен жан дүниесі нені айтпақ болғанын түсіну бізде әлі тапшы.

«Өлеңге ерте келіп, кеш ер жеттім» деген Жұбан ақынның ұлттық менді танытқан тырнақалдысы «Қазақ» өлеңі (1943) мен «Желтоқсан көтерілісі» деп тарихта атауын алған 1986 жылғы жағдаят кезінде сөйлеген сөзі аралығындағы шығармашылық мұрасын тануда ұлт қорғаны, жұртының жарнамашысы болғанын жан-жақты ашып көрсететін уақыт жетті. Жұбанды қазақ намысының найзағайы, қазақ болмысының оққағары деп танысақ қана ақиқатқа арқа тірейміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми мақаланы жазу барысында қазақ әдебиеттану ғылымындағы методологиялық ұстанымдар негіз болды. Мақалада көтеріліп отырған тақырыптың өзі қазақ әдебиеттану ғылымында еркін ой бостандығы үстемдік құрған соңғы он жылдықтарда бой көрсеткен жаңа пайымдаудың қатарына жатады. Кеңестік кезеңде қазақ әдебиетінің ұлттық болмысты танытатын шығармашылық жетістіктері үстемдік құрған саяси жүйе талаптары негізінде бағамдалып келгені қаперге алынды. Сәйкесінше ізденіс барысында жаңа бағыттағы ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарға, жаңа әдеби көзқарастар тұрғысынан жазылған зерттеулерге арқа сүйедік. Зерттеу нысаны етіп алынып отырған ұлттық болмыс пен дүниетанымды қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырып жүрген Б.Майтанов [2], З.Бисенғали [3], Қ.Ергөбек [4], Б.Омаров [5] сынды әдебиеттанушылардың еңбектері сараланды.

Зерттеу нәтижелері

КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақын, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтің әдеби мұрасымен танысқан оқырман бір аныққа көз жеткізеді. Ол қилы заманның өзінде ұлтының болмысын, қазақтығын қисынын тауып мақтан еткен Жұбан жырындағы жығасы жығылмаған далалық еркін рух. Мұны ақынның «Қазақ», «Менің халқым», «Қазақстан көктемі», «Ғажапсын, Қазақстаным», «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Қазақстан», «Қазақшадан аударылған», «Қазақ тілі», «Білем, білем бір қазақты», «Біз, қазақтар қызықпыз», «Мен – қазақпын» т.б. өлең, поэмаларынан анық көреміз.

Жұбан жырының литмотивіне айналған қазақ болмысының алғашқы көрінісі ақынның 1943 жылы жазылған «Қазақ» өлеңінен бастау алады. Екінші дүниежүзілік соғыстың жауынгері Жұбан Молдағалиев өзгелер «ұлы орыс халқының» қаһармандығын жарыса жазып жатқанда, «өзге емес, өзім айтам өз жайымды» көңіл күйімен көз көріп, көңілге түйгенін ұрыс шебіндегі ұлы дала ұлдары Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдулин т.б. ерліктерімен ұштастырып:

«...Сан айқаста қол бастап,
Талқанын жаудың шығарған,
...Момышұлы Бауыржан,
Ол да – қазақ баласы» –



деп атаның ерлік дәстүрі мен ананың ақ сүтін адал ақтаған «Кім еді, сен білемісің?» дей келіп, «Ол – қазақтың баласы» екендігін мақтан қылады [6, б. 45]. Өлең шұбалаңқы, көркемдігі кемшіндеу көрінгенмен жиырма үш жастағы Жұбанның жұртың сүйген жүрегін анық аңғартып тұр.

Жүз сексен жолдан тұратын «Қазақ» өлеңі алғаш «Отан үшін» атты майдандық газетте, сол жылы арнаулы тапсырмамен Алматыға келген сапарында «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланды. Бұл мәңгі өлмес «Мен – қазақпын» жырының балаң шыбық болып бүр жарып, бұқараға бой көрсетуі еді.

Бұл туралы жоғарыда айтылған «Қазақ әдебиеті» он томдығының тоғызыншы томында «1943 жылдың қарашасында Жұбан Молдағалиев арнаулы тапсырмамен Алматыға келеді. «Отан үшін» атты майдандық газетте басылған «Қазақ» деген өлеңін ала келеді. Өзі сияқты соғыстан уақытша келген Әбу Сәрсенбаевқа жолығады. Әбекен өлеңді оқып, «аяқ-қолын жерге тигізбей» Жазушылар одағына апарды, С.Мұқанов алдында оқиды. Өлең ақырында радиодан беріліп, «Социалистік Қазақстан» газетінде басылады. Сонан кейінгі жағдайда коммунистік идеология талабына сай келмеген өлең 35 жыл бойы еш жерде басылмай, ақын жинағына да кірмей, тек 1979 жылы шыққан үш томдыққа енген» деген мәлімет біраз нәрседен сыр аңғартқандай [1, б. 400].

Қазақ халқы түп тұқияннан бүгінге дейінгі тарихында замана дауылының дедектетуімен жар қабақтың ұшпасына талай барғанымен асқақ рухының арқасында аман-есен қалған халық. Өмір керуенінде көші малтыққанмен ойсыл қарасы омақасып жүрісін тоқтатқан емес. Осының бәрін ой санасынан өткерген ақын «Ғажапсын, Қазақстаным» өлеңінде танданысын асқақ үнмен былайша жеткізеді:

«Ал бүгін көркің мүлде өзге.
Ғажапсын, Қазақстаным!
Кім айтар сені бір кезде
Көрді деп өмір қыспағын» [6, б. 193].

«Жер бетінде жел өшірген із аз ба?». Бізден әлдеқайда әлеуетті, қарайған халқының саны да көп талай ұлт тілінен, ділінен, дінінен ажырап қалды, болмаса бордай тозып, болмысы мен ата қоныс жерін жоғалтып, тарихта құр атауы ғана қалды. Ақынның Қазақстанды, қазақты ғажапсын дегенінде міне осындай тәу еткен ақ адал пейілі жатыр.

Жұбан жырының үлкен бір арнасы – Қазақ әйелі, аяулы анасы мен асыл жары. Ақынның сұрапыл соғыстың қан майданында жүріп жазған алғашқы өлеңдерінің бірі «Әлия», кейінгі бейбіт өмірде дүниеге келген «Мен қазақ әйеліне қайран қалам», «Жесір тағдыры» т.б. өлең-жырлары тұтасып келіп, қазақ әйелінің бүтін бітімін бейнелеп тұр. Ұрыс даласында ерлермен тізе қосып жауға қарсы тұра білген қайсар қарындас пен бейбіт өмірдің берекелі тірлігінің басынан табылған нәзік жандыларға ризашылығын, танданысын ақын: «Не қазақ әйелінің құдіреті бұл» деп жеткізеді. Автор мен оқырманның келісімге келетін жері де осы.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ананың ролі ұлттық болмысымыздың баянды болуының кепілі екендігін ақынның анасына тағзым еткен мына бір жолдарынан оқи аламыз:

«Анашым, аты – Зеріп, беріде өлді,
Ұлына сүтін, күшін беріп өлді.
Әйелдің алдияры, ақсұңқары
Аптапқа, аязға да берік еді...



Кешқұрым жырлап қазақ дастандарын,
Жаныма шашып еді жастан жалын...».

Жұбантанушылар Жұбанның ақындығы анасынан дарыған дей келіп, анасы Зеріп жас күнінде айтыстарға қатысып ауыл-аймағына ақын болып танылғандығын келтіреді. Ақынның өзі де анасы туралы естелігінде: «Ол кісі мені шын мәнінде өлеңмен ауыздандырды» дейді. Жыр жолдарындағы «Ұлына сүтін, күшін беріп өлді», «Жаныма шашып еді жастан жалын» деуінің мәнісі осында [7].

Жұбанның қазақ әйеліне арналған жырын оқығанда бұрын өзің білетін әлемнің беймәлім тұстарын танығандайсын. Әйелдің ару ана, асыл халық болып жырлануы әншейін әспеттеу үшін айтыла салған сөз еместігін «Аздырмай жеткізді олар ұрпақтарын» жолындағы ақиқатпен бетпе-бет келгенде мойындайсын. Иә, ұрпақтың азуы ұлттың тозуы. Қазақтың қазақ болып болмысынан ауытқымауы ақын қайран қалған қазақ әйелінің құдіретінде жатыр. Ғасырлар белесінде ұрпағын аздырмай жеткізген қазақ әйелі ару ана болмағанда кім ару, қазақ әйелі асыл халық болмағанда кім асыл? Соның бірі ақынның жары Софьясы. Өлеңнің соңғы шумағындағы мына бір сезім шуағы соны аңғартады.

«Мен қазақ әйеліне қайран қалам.
Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған.
Сол менің жүрегімнің ханышасы,
Жыр шоғын ұсынамын Айдан да оған» [6, б. 266].

Он тоғыз шумақ өлеңнің басында және осы соңында екі-ақ жерде қайталанатын «Мен қазақ әйеліне қайран қалам. Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған» деген жолдар автордың қазақ әйеліне, жүрегінің ханшасы сүйген жарына көрсеткен құрметі, азаматтық алғысы.

Бұл көңіл күйді өзара ішкі ұйқас құрап, өлеңнің әуезділігін арттырып, бір құбылыстан іле шала екінші, үшіншіге ауысып динамикалық серпін танытып, түрлік ерекшелігі жағынан градация, яғни, өлеңге дамыту сипатын беріп тұрған шумақтың екінші жолындағы бірыңғай мүшелер «Жайнаған, жалындаған, жайраңдаған» деген жолдардан да анық байқауымызға болады. Сондай-ақ бұл жолдарда ыстық қайратпен жайнаған, нұрлы ақылмен жалындаған, жылы жүреппен жайраңдаған қазақ әйелінің Абай данамыз атап көрсеткен үш адами қасиеті де бар.

Қазақты өркениеттің төріне шығаратын, рухани құндылықтарын күллі адамзат баласының игілігіне айналдыруға ат салысатын сөз өнері. Қалған тамылжыған әуен де, көз тартар шаһар да, ақ қағаз бен кенепке түскен бейнелер де қазақтың болмысын толық ашып бере алмайды. Әрине бұл өнер туындылары белгілі бір дәрежеде таңқалдыруы, тәнті етуі мүмкін. Қазақтың жан дүниесін айнадай жарқыратып көрсететін құдірет, әдеби мұрасында ғана. Осыны жете түсінген Жұбан ақын қазақтың классиктері шет тілдерге аударылғанда қазағымды әлем танитын болды деп «Қазақшадан аударылған» атты шалқар көңілдің шаттығын танытатын өлең жазады.

«Қазақ үнін енді есітті талайлар.
Қазақ жырын бал бұлаққа балайды ар.
Жер тудырған шоқ жұлдыздар көгінде
Жарқырайды Шоқан, Мұхтар, Абайлар.
Қазақшадан аударылған...
Демек сондай ел бар, қазақ тілі бар» [8, б. 38].



Шексіз әлемде шектеулі тіл білетін адамзат баласы аударма арқылы қаншама халықтың болмысын білуге мүмкіндік алады. Өз елінің елшісіндей өзге тілге тәржімаланған шығармаларға ақын үлкен аманат артқанын байқаймыз.

Әлемдік өркениеттің ықпалымен өзгеріп жататын өміріміз ұлттық болмысымызға да әсер ететіні белгілі. Жаһандану процесінде жұтылып кетпеу үшін рухани құндылықтарымызды бойына сіңіріп өскен толағай тұлғалар қажет. Сондықтан да Абай хакімнің «единица – жақсысы, не бітірмек өңкей нөл» деп жырлағаны. Бұқараның басын біріктіретін, елдің атын шығаратын сол «единица» екендігіне көзіміз жетіп келеді. Осындай нар тұлғаның құрметіне жазылған «Білем, білем бір қазақты» [8, б. 229] өлеңінде Жұбан Молдағалаиев:

«Білем мен
Бір қазақты жұрт жырлайтын,
Ықпайтын,
Жықтырмайтын,
Ұттырмайтын...
Жылқыда
Жақсыны айтса қазан ат деп,
Адамда
Мақтайды ерді азамат деп.
Мұнымен
Бір дидарлас болғандарда
Кетеді жігіт-ақ деп,
Қазақ-ақ деп» –

деп, жұрт жырлаған бір қазақ кейіпкерінің кешегі кеңестік кезең тұсында өздерің «аға ұлт» санағандардан ығысып ықпайтынын, туған жерге тігілген туын жықтырмайтынын, өмір көкпарында ұттырмайтынын айтып, «единица – жақсысы» абсолюттік ақиқат екендігін аңғартады.

Осы үзіндінің соңғы жолындағы демеулік шылаулы «Қазақ-ақ» сөзімен берілген күрделі ментальді болмыс сан алуан интерпретацияда ұғынылып, бекзаттықты, мырзалықты, бауырмалдықты, мәрттікті білдіріп ақындық қуатты да танытып тұрғандығын сөз ретінде атап өткен абзал.

Қазағын жырлаудан тынбаған Жұбан ақын кей кезде сол қазаққа қайран қалып сөз таппай «Біз, қазақтар, қызықпыз» деп, ұлтық болмыстың ғасырлар қойнауындағы қалыптасу тарихын тамыршыдай тап басып өнегелі өлеңге айналдыра біледі.

« Біз бір қызық халықпыз кен жаралған,
Болмыстан жат жары жол, енжар адам.
Жазсын тағдыр жазбасын – мол тілейміз,
Жылдар үшін, бәлкі бұл кенде қалған».
Немесе:
Көңілі қалып бір атым насыбайдан,
Жан сезімі болыпты насыр ойран.
Үйге кірсе өлтірмей жыланды да,
Шығарыппыз құйғыштап басына айран [8, б. 286].



Ақын қызық халықпыз деп құр қызықтап қоймайды, өлеңнің өң бойында тек қазаққа тән танымды, мінезді шәк келтірмейтіндей жайып салады, солай екен-ау деген қорытындыға алып келеді. Өмір сүру дағдымыз бен дүниетанымыздағы өзіндік ерекшеліктеріміздің мәнін енді ғана түсінгендей боласын.

Өз ұлттыңды сүю, құндылықтарыңды қастерлеу, жақсылығыңды жария ету Жұбан жырында басқалардан басым. Сондықтан да Жұбан үшін қазақ жылқысы қазан ат, жігіттері намысты азамат, ал даласы қанатты қыран. Даланың қыранға теңеліп, балануы қазақтың ерлігімен, биіктігімен ұштасып жатқандығын «Қыран дала» поэмасындағы:

«Тоғысқан сенде кемедей
Адамзат, ата мұраты.
«Дала» деу – «Қазақ» дегендей,
Қазақтың сенсің бір аты» –

деген шумақ мазмұнынан аңғарамыз [9, б. 205].

Жұбанның шығармашылық даңқын шығарып, 1978 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған «Қыран дала» поэмасы ақынның өлеңдерінде талай көрініс тапқан дарқан дала, ақжайма ауыл, еңселі ел суреттерінің жинақталып, тарихтан сыр шертетін танымдық туынды түрі деуге болады.

Қазақ даласының арғы-бергі тарихын жетік білетін ақын шығармашылық кемеліне келіп, толысқан тұсында туған жер топырағына тәу етіп перзенттік парызын жауһар жырмен өтегісі келген сияқты. «Қыран дала» поэмасын оқыған оқырман осыны тани алса ғана автордың мұратын, шығарманың идеясын дұрыс ұғынып бағалай алады.

«Қазақ болу – зор бақыт» бұл Жұбан Молдағалиевтің атақты «Мен қазақпын» поэмасында авторлық түпкі ойды танытып тұрған жол. Бірдің аузымен айтылғанымен көптің көкейіндегісін дөп басып айтылған сөз. Жай сөз емес шуақты сөз, қуатты сөз. Шуақтылығы жан дүниенді нұрға бөлейді, қуаттылығы кара орман халқынды қанаттандырады. Мың өліп, мың тірілген қазағымның келешегі кемел екендігіне сендіреді, рухтандырады. Оқып көрелік:

«Мен қазақпын, белдімін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мыңда бір тірілдім мәңгі өлмеске,
Айта бергім келеді, айта бергім» [9, б. 137].

Айтпақ ойды, шадыман көңілді, кесек мінезді, ұлттық менді танытатын сөз тәуірін ақын ой түбінен теріп ала білген. «Мен қазақпынның» жазылғанынан жұрттың жадында хатталып, күні бүгінге дейін Жұбан ақын болып талай мінбелерден үздіксіз оқылып келе жатуы, міне, осының дәлелі.

Қорытынды

Қазіргі ұлттық идеологиямызда «Мен қазақпын» поэмасындағы авторлық түпкі ой «Қазақ болу – зор бақыт» ұстанымын ұрпақ тәрбиесінде басым бағыттың бірі етіп алуымыз керек. Сонда біз ақын айтқан белді әрі байтақ мәңгілік ел боламыз. Мұны әуелі құлаққа, сосын санаға, кейін жүрекке жету үшін ретімен айта беруіміз қажет. Ертеңгі күні Жұбанша: «Мен – қазақпын, өз халқымды мақтан етемін. Маған оның қатпарлы тарихы қымбат, ал оның бүгінгі күні одан да қымбат» дейтін жастардың қатары қалыңдай беру үшін де айта беруіміз қажет [10].



Бұл Жұбан Молдағалиевтің 1986 жылы 31 желтоқсанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Васильевич Колбинге қарата сөйлеген сөзі. Жазушылар одағына келген бірінші хатшы Жұбанның сөзінен ызғарлы күндерден қазақ деген халықтың сағы сынбағандығын, рухы мықты екендігін сезініп шықты. Ақынның шығармашылығымен таныс халқы да Жұбанның сөзі мен ісі бір жерден табылатынына, «Мен – қазақпын» деген сөз тегін айтылмағанына көздері жетті. Ендігі мақсат «Мың өліп, мың тірілген» қазағына қорған бола білген Жұбанның рухани мұрасын кеңінен насихаттай білу.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қирабаев С.С. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу құралы / С.С. Қирабаев. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2005. – 998 б.
- [2] Майтанов Б.Қ. Тәуелсіздік – күрес мұраты: монография / Б.Қ. Майтанов. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.
- [3] Бисенғали З.Қ. Қазақ прозасы XX ғасыр басы жаңа роман жолында: оқу құралы / З.Қ. Бисенғали – Алматы: Арыс, 2010. – 296 б.
- [4] Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: оқу құралы / Қ. Ерғөбек. – Алматы: Өркениет, 2003. – 368 б.
- [5] Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: монография / Б. Омарұлы. – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
- [6] Молдағалиев Ж. Қыран дала: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2010. – 384 б.
- [7] Молдағалиев Ж. Сел: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2000. – 384 б.
- [8] Молдағалиев Ж. Мен – қазақпын: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Раритет, 2019. – 360 б.
- [9] Молдағалиев Ж. Мен – қазақпын: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Раритет, 2007. – 240 б.
- [10] Молдағалиев Ж. Айттым сәлем: өлеңдер / Ж. Молдағалиев. – Алматы: Алатау, 2013. – 384 б.
- [11] Бейсенова Г.Ә. Жұбан Молдағалиев поэмаларының көркемдік ерекшелігі: монография / Г.Ә. Бейсенова. – Алматы, Өркениет, 2008. – 153 б.

REFERENCES

- [1] Kirabaev, S.S. (2005). Kazak adebietinin tariqy [History of Kazakh literature]. Almaty: KAZakparat [in Kazakh].
- [2] Maitanov, B.K. (2012). Tauelsizdik – kures muraty [Independence - the purpose of the fight]. Almaty: Kus zholy [in Kazakh].
- [3] Bisengali, Z.K. (2010). Kazak prozasy XX gasyr basy zhana roman zholynda [Kazakh prose of the early XX century on the way to a new novel]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- [4] Ergobek, K. (2003). Arystar men agystar [Personalities and their life paths]. Almaty: Orkeniet [in Kazakh].
- [5] Omaruly, B. (2005). Zar zaman adebieti [Emergency times]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- [6] Moldagaliev, Zh. (2010). Kyran dala [Eagle steppe]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [7] Moldagaliev, Zh. (2000). Sel [Sel]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [8] Moldagaliev, Zh. (2019). Men – kazakpyn [I am a Kazakh]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- [9] Moldagaliev, Zh. (2007). Men – kazakpyn [I am a Kazakh]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- [10] Moldagaliev, Zh. (2013). Aittym salem [I said hello]. Almaty: Alatau [in Kazakh].
- [11] Beisenova, G.A. (2008). Zhuban Moldagaliev poemalarynyn korkemdik erekshi [the Artistic specificity of the poems Zhuban Moldagaliev]. Almaty: Orkeniet [in Kazakh].

Мамыров А.И., Шортанбаев Ш.

НАЦИОНАЛЬНОЕ БЫТИЕ В СТИХАХ ЖУБАНА МОЛДАГАЛИЕВА

Аннотация. В статье были отобраны стихотворения поэта Жубана Молдағалиева, отражающие национальное бытие и мировоззрение, проанализированы высказывания автора в передаче его идеи. В статье на всестороннем научном основании были даны ответы на вопросы, в чем заключается поэтическая сила отдельных слов в стихах, в чем проявляется национальный код,



казахское бытие. Также в статье раскрывается роль поэта, как он умел донести до читателя «объективный мир», сформировавшийся с древних времен в стихотворениях и поэмах «Казак», «Мой народ», «Весна Казахстана», «Прекрасный мой, Казахстан», «Я восхищаюсь казахской женщиной», «Казахстан», «В переводе с казахского», «Казахский язык», «Знаю, знаю одного казаха», «Мы, казахи интересны», «Я - казах» и др. Стихи Жубана Молдагалиева раскрывают идейно-познавательные и художественно - эстетические изыскания и обогащают казахскую поэзию национальным колоритом.

Ключевые слова: литературное наследие; свободный дух; века; мировоззрение; традиции; литмотив; национальный характер; градация; интерпретация; национальная идеология.

Mamyrov Azamat, Shortanbaev Shohan
NATIONAL EXISTENCE IN THE POEMS OF ZHUBAN MOLDAGALIEV

Annotation. The article selected poems by the poet Zhuban Moldagaliev that reflect the national life and worldview, analyzed the author's statements in the transmission of his ideas. In the article, on a comprehensive scientific basis, answers were given to the questions of what is the poetic power of individual words in poems, what is the national code, the Kazakh being. The article also reveals the role of the poet, how he was able to convey to the reader the "objective world", formed since ancient times in poems and poems "Kazakh", "My people", "Spring of Kazakhstan", "my beautiful Kazakhstan", "I admire the Kazakh woman", "Kazakhstan", "Translated from Kazakh", "Kazakh language", "I know, I know one Kazakh", "We Kazakhs are interesting", "I am Kazakh", etc. Zhuban Moldagaliev's Poems reveal ideological, educational, artistic and aesthetic research and enrich Kazakh poetry with national flavor.

Keywords: literary heritage; free spirit; centuries; worldview; traditions; literary motive; national character; gradation; interpretation; national ideology.